

Алмагүл Алтайқызы Хабиева^{1*}, Гүлфар Мәжитқызы Мамырбек²,
Әсем Аленқызы Қасымова³

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

² филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

³ философия докторы (PhD), Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей қ.,
ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: assemzere.ak@gmail.com

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНДАҒЫ ТІЛДІК НОРМАЛАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Тілдің өз ішінде болып жататын процестер мен сыртқы түрткіжайттардың ықпалынан кез келген тілдің жазу нормалары өзгеріп отыратыны белгілі. Осымен байланысты тілдік норма, емле, тыныс белгілері мәселелерін зерттеуге, жазу тәжірибесінде дағдыға айналған орфограммаларды заңдастырып, тілдің жай-күйінде анықталған жаңа құбылыстарды тіркеп, реттеуге бағытталған жұмыстардың жүргізілуі әрқашан маңызды да құнды болмақ. Зерттеу жұмысымыздың мақсатына сай мақалада қазақ тілінің тыныс белгілері мен емле ережелерінде белгіленген қағидалар мен нормалардың қазіргі жазу тәжірибесіндегі қолданысы қарастырылып, жазарман тарапынан ескерілмей жататын ережелер қатары, ала-құлалық тудырып жүрген жарыспа тұлғалар түрлері, олардың тіл нормаларына қатысы, қолданысқа түсу себептері мәселесінің жекелеген тұстарына назар аударылады. Зерттеу барысында тілдік материалды жинақтау, іріктеу, жүйелеу әдістері, сондай-ақ сипаттау, статистикалық, салыстырмалы, ортологиялық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелері мен берілген ұсыныстар қазіргі жазу тәжірибесінде ала-құлалық тудырып жүрген жарыспа қолданыстарды біріздендіру, нақтылай түсуді қажет ететін емле ережелерін толықтыру, оқушылар мен студенттердің жазу сауаттылығын арттыру ісіне өз деңгейінде үлес қосады.

Тірек сөздер: емле ережесі; тыныс белгілері; орфограмма; тілдік норма; жазу тәжірибесі

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Хабиева А.А., Мамырбек Г.М., Қасымова Ә.А. Қазіргі қазақ жазуындағы тілдік нормалардың кейбір мәселелері. *Tiltanyum*, 2024. №3 (95). 129-139-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-129-139>

Алмагуль Алтаевна Хабиева^{1*}, Гульфар Мажитовна Мамырбек²,
Асем Аленовна Касымова³

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

² кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

³ доктор философии (PhD), Университет Шакарима, Казахстан, г. Семей,
ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: assemzere.ak@gmail.com

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ЯЗЫКОВЫХ НОРМ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСКОГО ПИСЬМА

Аннотация. Известно, что нормы письма любого языка подвергаются изменениям под влиянием внутренних языковых процессов и внешних факторов воздействия. В связи с чем работы, направленные на изучение вопросов языковой нормы, орфографии, пунктуации, регулирование и закрепление новых языковых явлений, выявленных в контексте современных реалий, узаконивание орфограмм, ставших привычными в практике письма, представляются весьма актуальными и перспективными. В соответствии с целью нашей исследовательской работы в статье рассматриваются отдельные моменты вопроса применения правил и норм, установленных правилами пунктуации и правописания казахского языка в современной практике письма, акцентируется внимание на ряде правил, часто не учитываемых при письме со стороны пишущих, видах орфограмм, вносящих разнобой в единство передачи слов, их

отношении к нормам языка и причинах их использования на практике. В исследовании применяются методы сбора, отбора, систематизации языкового материала, а также описательный, статистический, сравнительный методы и метод ортологического анализа. Результаты исследования и представленные рекомендации вносят определенный вклад в дело унификации слов с различными вариациями в современной письменной практике, дополнения и уточнения правил правописания, повышения языковой грамотности учащихся и студентов.

Ключевые слова: правописание; пунктуация; орфограмма; языковая норма; практика письма

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования №BR21882227 «Лингвистические средства и разработки модернизации языкового сознания в контексте нового Казахстана».

Для цитирования: Хабиева А.А., Мамырбек Г.М., Касымова А.А. Некоторые вопросы языковых норм современного казахского письма. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 129-139. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-129-139>

Almagul Khabiyeva^{1*}, Gulfar Mamyrbek², Assem Kassymova³

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8622-021X E-mail: a.a.khabiyeva@bk.ru

²Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-7399-2122 E-mail: gulfar76@mail.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Shakarim University, Kazakhstan, Semey, ORCID: 0000-0002-8783-888X E-mail: assemzere.ak@gmail.com

SOME ISSUES OF LANGUAGE NORMS IN MODERN KAZAKH WRITING

Abstract. It is known that the norms of writing in any language are subject to changes under the influence of internal linguistic processes and external factors of influence. In this regard, the works aimed at studying the issues of linguistic norms, spelling, punctuation, regulation and consolidation of new linguistic phenomena identified in the context of modern realities, legalizing orthograms that have become familiar in the practice of writing, seem very relevant and promising. In accordance with the purpose of our research work, the article examines certain aspects of the issue of applying the rules and norms established by the rules of punctuation and spelling of the Kazakh language in modern writing practice, focuses on a number of rules that are often not taken into account when writing by writers, types of orthograms that introduce inconsistencies in the unity of word transmission, their relation to the norms of the language and the reasons for their use in practice. The research uses methods of collection, selection, systematization of linguistic material, as well as descriptive, statistical, comparative methods and the method of orthological analysis. The results of the study and the recommendations presented make a definite contribution to the unification of words with various variations in modern writing practice, additions and clarifications of spelling rules, and improvement of language literacy of students.

Keywords: spelling; punctuation; orthogram; language norm; writing practice

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR21882227 “Linguistic tools and developments of reconstructing the linguistic conscious in the context of the new Kazakhstan”.

For citation: Khabiyeva A., Mamyrbek G., Kassymova A. Some Issues of Language Norms in Modern Kazakh Writing. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 129-139. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-129-139>

Кіріспе

Кез келген өркениетті ел тілінің саламаттылығы оның әдеби тілінің жоғары деңгейде дамып, жазу-сызу нормаларының қалыптасып, тұрақтануымен ерекшеленеді.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің жүйеленіп, нормалануына А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов т.б. алаш қайраткерлерінің ағартушылық-ғылыми еңбектері мен С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ф.Мұсабекова, Ш.Әуелбеков, Р.Сыздық, Н.Оралбаева, Н.Уәли, А.Алдаш, Қ.Күдерінова сынды ғалымдарымыздың ғылыми-зерттеу, лексикографиялық еңбектері зор үлес қосқаны сөзсіз.

Жалпы алғанда тілдік норма тұрақты болып келетіні белгілі. Алайда қоғам, ғылым, техниканың дамуымен байланысты тілде көрініс табатын жаңа құбылыстар тілдік нормалардың да толығып, ішінара өзгеріп тұруына ықпал етеді. Яғни, тілдік нормаға, бір жағынан, дәстүрлілік тән болса, екінші жағынан, ол динамикалық сипатымен ерекшеленеді.

Бұған 1957 және 1983 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен бекітілген қазақ емле ережелерінің екі басылымы, сондай-ақ 1941, 1948, 1963, 1968, 1972, 1978, 1988, 2001, 2005, 2007, 2013 жылдары түзетіліп, толықтырылып басылған емле сөздіктері мен

1960, 1974, 1996, 2000 жылдары өңделіп, толықтырылған қазақ тілі емле ережелерінің анықтағыштары дәлел бола алады.

Осыған қатысты академик Р.Сыздық: «Норма – тарихи-өзгермелі құбылыс болғандықтан, тіл дамуының бір кезеңінде норма ретінде қабылданған (қолданылған) тілдік элемент екінші кезеңінде нормадан ығыстырылуы мүмкін және керісінше», – деген болатын (Сыздықова, 2014; 26).

Біз мақаламызда жоғарыдағы *ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалардың қазіргі қолданыс деңгейі қандай, жазарманның күнделікті жазу-сызудағы қажеттілігін толықтай өтей ала ма, тілдің осы күнгі жай-күйінде анықталған жаңа тілдік құбылыстарды таңбалау мәселесін шеше ала ма* деген сұрақтарға жауап іздеп көрмекпіз. Соның нәтижесінде айқындалатын проблемалар мен берілетін ұсыныстар осы мақаланың маңыздылығын өзектейді. Сондай-ақ алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының «Тілдік жоспарлауды іске асыру» 2-бағытының «Қазақ тілінің емле ережелерін жетілдіру» тармағына сәйкес 1983 жылы бекітілген қазақ тілінің емле ережелеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу жоспарланып отырғаны белгілі. Осы орайда жұмысымыздың «Нәтижелер және талқылау», «Қорытынды» бөлімдерінде берілген зерттеу, талдау нәтижелері мен ұсыныстар қазіргі жазу тәжірибесінде алақұлалық тудырып жүрген жарыспа қолданыстарды біріздендіру, нақтылай түсуді қажет ететін емле ережелерін толықтыру, оқушылар мен студенттердің жазу сауаттылығын арттыру ісіне өз деңгейінде үлес қосып, қазақ ортологиялық құралдарының ғылыми-теориялық, деректік базасын кеңейтеді деп болжамдалады.

Материал және әдістер

Мақаланың эмпирикалық базасы ретінде республикалық «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Білім айнасы» газеттерінен, Шығыс-Қазақстан облыстық «Дидар» газетінен, «Abai.kz», «Turkystan.kz», «Barinbil.kz», «Bugin.kz» ақпараттық порталдарынан, «Newsroom.kz» жаңалықтар порталынан, «E-history.kz» тарихи порталынан, «Abaialemi.kz» порталынан, «Qazir.kz», «Zhambylnews» ақпарат агенттіктерінің сайттарынан, «Kazgazeta.kz», «Ortalyq Qazaqstan», «Massaget.kz», «Inbusiness.kz», «Zhasulan-semey.kz», «Nurshaikhov.kz», «Astanasu.kz» веб-сайттарынан, «Altyn-orda.kz» ақпараттар сайтынан, «Oinet.kz» жаңалықтар сайтынан, «Уикипедия» ашық энциклопедия сайтынан, «Қазақ телеграф агенттігінің» сайтынан, «Ustaz tilegi» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының сайтынан, «Қазақстан Республикасының электрондық үкіметі» порталынан, «Adilet.zan.kz» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтынан, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» мекемесінің сайтынан, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдарынан, жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11 сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығынан («Атамұра» баспасы, 2020) іріктеліп, жинақталған тілдік деректер алынды.

Мақала жазу барысында тілдік норма, кодификация, емле, тыныс белгілері мәселелерін зерттеген отандық ғалымдардың (Р.Сыздық, Н.Уәли, А.Алдаш, Ш.Әуелбеков т.б.) тұжырымдары ескеріліп отырды. Ортологиялық құралдардың (қазақ тілі емле ережелерінің және тыныс белгілерінің анықтағышы, емле сөздігі) материалдары пайдаланылды.

Жоғарыда көрсетілген дереккөздермен жұмыс жасау барысында *жинақтау, іріктеу, жүйелеу әдістері*; сандық деректерді өңдеу, талдау барысында *статистикалық әдіс*; тілдік норма, емле, тыныс белгілері мәселелеріне арналған еңбектерге шолу жасау барысында *сипаттау әдісі*; тіркелген тілдік фактілердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсету барысында *салыстырмалы әдіс*; тілдік бірліктердің жарыспа нұсқаларын, тіл нормаларына қатысын, қолданысқа түсу себептерін анықтау барысында лингвистикалық талдаудың бір түрі ретінде *ортологиялық талдау әдісі* қолданылды.

Әдебиетке шолу

Кирилл графикасындағы қазақ тілі емлесінің, тыныс белгілерінің нормалануы мен қалыптануы – ХХ ғасырдың 40-ыншы жылдарынан бастап ерекше назар аудартып келе жатқан

мәселелердің бірі.

Осы кезеңде алғаш жарық көрген ортологиялық құралдар С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев есімдерімен байланысты: 1941 жылы «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы), 1948 жылы «Емле сөздігі» (Алматы) шығады.

1957 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» бекітілгеннен кейін ғалым Р.Сыздықтың баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арнап дайындаған тұңғыш қазақ тілінің анықтағышы (Алматы, 1960) жарық көреді. Оның өңделіп, толықтырылған екінші басылымы 1974 жылы, «Емле және тыныс белгілері» деп аталатын үшінші басылымы 1996 жылы, ал соңғы төртінші басылымы «Қазақ тілінің анықтағышы» деген атауымен (әрі қарай – Анықтағыш) 2000 жылы шығады (Сыздық, 2000).

Сондай-ақ 1959 – 2021 жылдарының аралығында жарық көрген Ф.Мұсабекованың «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері» еңбегі (Алматы, 1959), І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаевтың «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1963), Н.Оралбаеваның «Қазақ графикасы мен орфографиясының негіздері» (Алматы, 1968) монографиясы, Ш.Әуелбековтің «Пунктуацияның қиын мәселелері» (Алматы, 1977) еңбегі, И.Ұйықбаевтың «Қазіргі қазақ тіліндегі варианттар проблемасы» (Алматы, 1976) монографиясы, Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (Алматы, 1977), М.Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (Алматы, 1981), Н.Уәли мен А.Алдаштың «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» еңбегі (Алматы, 1988), С.Бизақовтың «Тілдік норма және варианттылық» еңбегі (Алматы, 1997), Н.Уәлидің «Фразеология және тілдік норма» монографиясы (Алматы, 1998; 2021), Қ.Күдеринаның «Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы» еңбегі (Алматы, 2005), Н.Уәлидің «Графика. Орфография. Орфоэпия» (Алматы, 2018) оқу құралы, Н.Уәлидің «Қазақ графикасы мен орфографиясының теориялық негіздері» (Алматы, 2021) еңбегі, А.Алдаштың «Қазақ ортологиясы» монографиясы (Алматы, 2021) т.б. халықтың сауаттылық деңгейінің көтерілуіне, мемлекеттік тіл нормаларының қалыптаса түсуіне зор ықпалын тигізгені сөзсіз.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі жазу тәжірибесінде 1983 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен бекітілген «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» мен сол ережелер бойынша түзілген академик Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышы» (2000 ж.) негізге алынады. Анықтағышта қазақ тілінің емле ережелері, тыныс белгілерін қою қағидалары мен сөздерді дұрыс дыбыстау заңдылықтары берілген. Мақаламызда тек жазу нормаларына қатысты мәселелер талқыланатын болғандықтан, осы Анықтағыштың орфография және пунктуация ережелеріне сүйенетін боламыз.

Тыныс белгілері қазақ тілінің графикалық жүйесінің бір бөлігі ретінде жазбаша мәтінді грамматикалық (синтаксистік), логикалық (мағыналық) және интонациялық тұрғыдан мүшелеп, жазарманға ойды дәл жеткізуге, ал оқырманға жазудың мағынасын тез және дұрыс түсінуге көмектеседі.

Алматы қаласының бірнеше жоғары оқу орны студенттерінен алынған диктанттар нәтижесі мен БАҚ беттерінен тіркелген тілдік фактілер жазуда ең көп қиындық тудыратын тыныс белгілер қатарын көрсетті. Жазарман тарапынан ескерілмей жататын ереже көбінесе сызықша мен үтірге қатысты болып келеді. Мысалы:

1) «бірақ, дегенмен, ал, алайда, өйткені, сондықтан» деген жалғаулықтардан кейін оқшау сөз тұрмаса да, үтірдің қойылуы (*Ру – қазақтың феномені. Бірақ, рулық ұғымның саясат сілікпесін шығарып, оны жек көрінішті ете бастады* (<https://abai.kz>); *“Жақсы сөз – жарым ырыс” екені рас. Дегенмен, жағдай тап мынандай болып тұрғанда, 5-6 жылдың төңірегінде 20 миллионға жете қоюымыз екіталай* (<https://turkystan.kz>); *Ал, Абай өзінің өмір жолында дүниенің көрінбеген жұмбағының сырын ашуға, адамның рухани әлемін танып білуге ұмтылуы арқылы түп иені танып білу жолында жантану ілімінің негізіне сүйенді* (<https://abai.kz>) және т.б.);

2) айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін «... хабарлауынша, ... айтуынша» деген сияқты қыстырма сөздерден кейін тиісті үтірдің қойылмауы (*Қырғызстан*

шекара қызметінің хабарлауына қырғыз-қазақ шекарасында көлік кептелісі пайда болған, – деп хабарлайды агенттік тілшісі (<https://kaztag.kz>); Ғалымдардың айтуына адам үш түрлі қартаяды екен (<https://www.oinet.kz>) және т.б.);

3) ойдың желісін, ретін білдіретін «бір жағынан, екіншіден, ең алдымен» деген сияқты сөздерден кейін тиісті үтірдің қойылмауы (*Өйткені 7 жылдық мерзімге сайланатын Президент бір жағынан қоғамдағы әртүрлі күштерді біріктіруге, екіншіден бастамаларын, қандай да бір саяси-әлеуметтік, экономикалық реформаларын тиянақты аяқтауға мүмкіндік алады* («Егемен Қазақстан» газеті); *Ал алдағы реформалар ең алдымен әлеуметтік және экономикалық бағытты қамтитыны даусыз* («Егемен Қазақстан» газеті) және т.б.);

4) зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан жасалған бастауыш пен баяндауыш арасына тиісті сызықшаның қойылмауы (*BBC жазғандай, қызыл алмалардың отаны қазіргі Қазақстан жері* (<https://zhambylnews.kz>); *Қазақстан жер бетіндегі барлық алманың отаны. Бұл аңыз немесе гипотеза емес, ғылыми дәлелденген факт* (<https://altyn-orда.kz>); *Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20 – 100 жыл, биіктігі 4 – 10 м болады* (<https://kk.wikipedia.org>);

5) атау тұлғадағы зат есімнен жасалған бастауыш пен жатыс септіктегі зат есімнен болған баяндауыш арасына сызықшаның қойылуы (*Болашақ кілті – жастар қолында* (<https://bilimainasy.kz>); *Ел ертеңі – болашақ жастардың қолында...* (<https://ust.kz>); *Жемқорлықсыз болашақ – жастардың қолында* (<https://assembly.kz>) және т.б. тіркелді.

Жоғары оқу орындарының бірінші және төртінші курс студенттерінен (511 адам, оның ішінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері де бар) алынған диктанттар нәтижесінің үзіндісінен де жазу нормаларының ескерілу/ескерілмеу деңгейін байқауға болады.

Кесте 1 – Алматы қаласы жоғары оқу орындарының студенттерінен алынған диктанттар нәтижесінің сапалық көрсеткіші (үзінді)

Таблица 1 – Качественный показатель результата диктантов, проведенных среди студентов высших учебных заведений г. Алматы (выписка)

Table 1 – Qualitative indicator of the result of dictation conducted among students of higher educational institutions in Almaty (extract)

<i>Зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан жасалған бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Қазақ тілі – бай тіл.	34%	66%
Тіл – халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны.	30%	70%
Қазақстан – алманың отаны!	28%	72%
Бұл – ғалымдар дәлелдеген, талай мәрте айтылған факт.	0%	100%
<i>Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін қыстырма сөздерден кейін қойылатын үтірге қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Ғалымдардың пікірінше, алманы жерсіндіру екі бағытта жүрген. Министрдің айтуынша, алдағы уақытта жеміс-жидек өнімдерін сақтау қоймалары да көбеймек.	32%	68%
<i>Ойдың желісін, ретін (бастамасын) білдіретін қыстырма сөзге қатысты мысал</i>	<i>Дұрыс</i>	<i>Қате</i>
Мәселен, Воусе Thompson институтының жүргізген зерттеуіне сәйкес Алатаудың баурайында ғана өсетін Сиверс тұқымы шартараптың түкпір-түкпіріне тараған алманың атасы саналады екен.	54%	46%
<i>Географиялық атаулардың (жалқы есімдердің), мемлекеттік мекемелердің, жоғары ұйымдардың күрделі атауларының бас әріппен жазылуы ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Үлкен Алматы өзені ағып жатыр.	37%	54%
Таяуда осы мәселеге байланысты Сауда және интеграция министрлігіне сауал жолданған болатын.	19%	81%
<i>Бөлек жазылатын шылаулар ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс</i>	<i>Қате</i>
Табиғат құбылыстары да әр өлкенің климатына сәйкес.	68%	32%
Өзен-көлдер мен тау-тастарда мекендейтін тіршілік иесі	60%	40%

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалар күнделікті жазу-сызуда көп жағдайда сақталмайды екен. Бұның біріне жазарманның ұқыпсыздығы себеп болса, екіншісіне оның осы ережелерден бейхабар болуы,

яғни пунктуациялық және орфографиялық сауаттылық деңгейінің төмендігі себеп болып отыр деп ойлаймыз.

Мақаланың материалы ретінде көрсетілген дереккөздерден қажетті тілдік деректерді іздеп, іріктеп, жинақтау барысында тағы бір маңызды жайт анықталды. Ол өз кезегінде қолданыстағы пунктуация және орфография ережелерінің кейбір тұстары нақтылануды қажет ететінін көрсетті.

Ережеге сәйкес *нүкте* шартты графикалық белгі ретінде санамалы нөмірді белгілейтін айшықсыз (жарты жақшасыз) қолданылған цифр не әріптен кейін қойылады. Бұл ереженің мәтін форматындағы көлденең жазудағы қолданысы түсінікті де нақты. Алайда өзіндік ерекшелігі бар кесте ішіндегі мәтінді таңбалауда осы ереженің сақталуы міндетті ме деген сұрақ туындайды. Оның қазіргі жазу-сызудағы қолданысын байқап көрейік.

«Adilet.zan.kz» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтынан алынған мына кесте үзіндісінде санамалы нөмірді белгілейтін әр цифрдан кейін *нүкте* қойылғанын көреміз.

Кесте 2 – Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың тізбесі (үзінді)

Таблица 2 – Перечень учебников для организаций среднего образования (выписка)

Table 2 – List of textbooks for secondary education organizations (extract)

№	Басылымның атауы	Автор(лар)	Шыққан жылы	Баспа
1.	Әліппе. Оқулық+Үнтаспа	Ә. Жұмабаева, Н. Құрман, Б. Сабденова (Үнтаспа: Ә. Жұмабаева, Б. Сабденова)	2021	Атамұра
2.	Ана тілі. Оқулық.	Уайсова Г., Сәдуақас Г. Бесірова А.	2021	Атамұра
3.	Математика. Оқулық 1, 2-бөлім	Ә. Ақпаева, Л. Лебедева, М. Мыңжасарова, Т. Лихобабенко	2021	Алматыкітап баспасы

Ал жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығынан (Дәулетбекова, 2020; 89) алынған мына кесте үзіндісінде санамалы нөмірді белгілейтін әр цифрдан кейін *нүкте* қойылмаған.

Кесте 3 – «Туризм негіздері» мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдар (үзінді)

Таблица 3 – Выводы по содержанию текста «Основы туризма» (выписка)

Table 3 – Conclusions on the content of the text «Fundamentals of tourism» (extract)

№	Тұжырым
1	Туризм саласының алғашқы баспалдағы орта ғасырлардан басталады.
2	Туризмнің түрлерін жүктеуде адамдардың қызығушылығы негізгі фактор болып саналады.
3	Туризмнің бір нысаны – тарихи-мәдени ескерткіштер.

Кесте форматындағы материал ұяшықтарға бөлініп беріледі. Әр бағандағы таңба белгілі бір мәтіннің бөлшегі ретінде өз алдына бір ақпарат қамтиды. Осыған байланысты санамалы нөмірді белгілейтін цифрдан кейін қойылатын *нүкте*ге қатысты ереженің нақтылануы қажет деп ойлаймыз.

Пунктуация ережелерінің келесі бір параграфына (§9) назар аударайық. Онда: «Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін *нүкте* қойылмайды: *км, м, см, га, л, v* (вольт), *a* (ампер), *C* (Цельсий)», – деп көрсетілген (Анықтағыш, 2000; 109). Алайда *миллион, миллиард, триллион* деген сияқты ауқымды сандар атауының қысқартылып берілген жағдайы нақтыланбаған.

«Қазақстан Республикасындағы балалардың 2022 жылғы жағдайы туралы баяндама» мәтінінде бұндай сандардың қысқартылған нұсқасынан кейін *нүкте* қойылған. Мысалы, «70,1 млрд. теңге көлеміндегі бюджет қаражаты көмекке және кепілдендірілген әлеуметтік пакетке бөлінді... 2022 жылы үйде оқитын 15,7 мың балаға 1,1 млрд. теңге сомасында төлем жүргізілді» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents>).

Ал «Егемен Қазақстан» материалдарында *миллион, триллион* сөздерінің қысқартылған түрі *нүктесіз* берілгенін көреміз. Мысалы, «Осы жылы 4,4 млн адамның барлық зейнетақы және

жәрдемақы түрлерінің мөлшері артады. Бұл мақсаттарға республикалық бюджетте 4,6 трлн теңге қарастырылған».

Демек, жазу тәжірибесінде ала-құлалық тудырып жүрген бұл ереже де (§9) нақтылануды қажет етеді деп есептейміз.

Сондай-ақ қазақ тілінің емле ережесі бойынша бастауыш зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылатыны белгілі. Алайда сан есімнен жасалған бастауыштың цифрмен берілген жағдайы өз алдына бір ережені талап ететінін көреміз (Мысалы, 2023 – сенім мен бірлікті шыңдаған жыл («Егемен Қазақстан» газеті) және т.б.).

Бұған қоса белгілі бір өнім, тауар, өсімдік т.б. сұрпы, түрінің жазуда бас не кіші әріппен, тырнақшаға алынып не алынбай таңбалануына қатысты да ереженің қажеттілігі туындап отыр. Нақты ереженің болмауы салдарынан бұндай сөздер түрліше жазылып жүр. Мысалы, «Сол кезден бастап Алатау баурайындағы жабайы тәтті алмалар Сиверс алмасы атанған да кеткен. Бүгінгі апорттың тұқымы сол сиверс алмасының жалғасы болып саналатыны да сондықтан» («Егемен Қазақстан» газеті) сөйлемдеріндегі алма түрі біресе бас әріппен (Сиверс алмасы), біресе кіші әріппен (сиверс алмасы) берілген.

Ал «Жүгерінің жаңа буданы» мақаласындағы жүгері түрінің атауына («Пионер» сұрпы) назар аударсақ, ол бас әріппен және тырнақшаға алынып берілгенін көреміз: «Семинарға жиналған қауым алдымен Alem Agro, «Джон Дир», BNK Group, Eurasia Group сынды дүниежүзі мен Қазақстанда белгілі, егіншілікке қажетті техникаларды, тыңайтқыштарды, басқа да химикаттарды тарататын компаниялардың көрмеге қойған өнімдерін тамашалап, «Ернар» ЖШҚ жаңа технологиямен өсіріп, сынақтан өткізіліп, енді жаңа тұқым түрінде өндіріске ұсынылатын Американың «Кортева Агрисаенс Қазақстан» компаниясының «Пионер» жүгері сұрыптарының алқабымен танысты» («Егемен Қазақстан» газеті). Демек, жазуда ала-құлалық тудырып жүрген осындай жарыспа қолданыстарды біріздендіру үшін нақты ереже қажет.

Осы күнгі кирилл графикасы негізінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілден енген кірме сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша таңбаланып жүргені белгілі. «Кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары» (Уәли, 2018) ретінде танылатын бұндай сөздердің жазылу ережесіне Кеңес заманының ықпалы (қазақ емле ережелерінің соңғы басылымы 1983 жылы бекітілген), әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың (қазақтілді оқу орындарының аз болуы, орыстілді азаматтардың басымдығы т.б.) әсері септігін тигізгені сөзсіз. Алайда қазіргі қазақыланған тіл тұтынушысы санасында дұрыс деп табылған қолданыстарға, тіл динамикасындағы өзгерістерге назар аударатын болсақ, орыс тілінен енген кейбір кірме сөздердің қазақ тілінің айтылым заңына сай бейімделіп жазылуы дағды алып бара жатқанын аңғаруға болады. Бұл, әсіресе, БАҚ беттеріндегі материалдардан жақсы байқалады.

Мысалы, «марка» сөзіне қатысты:

«”Lenovo” маркасі қай елге тиесілі екені маған маңызды емес. Себебі қазір жыл сайын жаңарып жатыр. Біздің мақсатымыз – сұранысқа жұмыс істеу» (<https://inbusiness.kz/>); «Өзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл» тақырыбындағы Қазақстан пошта маркасі шықты» (<https://nurshaikhov.kz/>); «Бүгінгі күні Риддер металлургиялық кешенінде жылына 112 мың тонна тауарлы мырыш өндіріліп, алыс шетелге, әлемдік нарыққа жөнелтіліп жатыр. Дүниежүзіндегі химиялық құрамы, тауарлық маркасі таза, сынамасы аса жоғары, ең сапалы мырыш осында өндіріліп жатыр. Тауар құрамындағы мырыш маркасінің көрсеткіші 99.995 пайыз» (<https://didar-gazeti.kz/>); «Дербес жағдайда, маркасі 12ХН3А және 20ХН3А цементтелінуші болаттардан электровоздар, моторвагондық секциялар, тепловоздар жасалынады» (<https://massaget.kz/>) және т.б.

«Команда» сөзіне қатысты:

«Ойыншыларды, жас балаларды, командыға парасына қарай емес, пәрменіне қарай алғанда футбол түзеледі» (<https://abai.kz/>); «GSIT — трайдинг саласында ең үздік курстар ұсанамыз. Біздің командыға қосыл!» (<https://project.tilda.ws/>); «Командылар мадақтама қағаздарымен марапатталды» (<https://zhasulan-semey.kz/>) және т.б.

«Пломба» сөзіне қатысты:

«Азық-түлік салығына сары майды ерітіп, 40 литр алюминий ыдысқа толтырып, үстіне *пломбы* ретінде ешкінің майын ерітіп құятын» (<https://ortalyq.kz>); «Жылдар өткен сайын науқастар стоматологияға жоғары талап қояда. Көбіне назарларын *пломбының* косметикалық қасиетіне аударуда. Сондықтан эстетикалық реставрацияның орны жоғары болып отыр» (<https://barinbil.kz>); «Занды тұлғалы тұтынушылар *пломбының* бұзылуы, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылу, есепке алу аспаптарын *пломбылау* сұрақтары бойынша жүгінуге болады» (<https://astanasu.kz>) және т.б.

«Папка» сөзіне қатысты:

«Кенет Зейнолла Тілеужановтың қолындағы былғары *папкісіне* көз тікті. Су жаңа *папкі* екен» (<https://aikyn.kz>); «Қалың *папкіге* тігілген әртүрлі мазмұндағы құжаттардан Имекең ағамыздың бүкіл өмір жолы, ғылыми-педагогикалық еңбегі, соның ішінде табаны күректей он алты жыл еліміздің маңдайалды институтының оқу ісі жөніндегі проректоры болып қызмет атқарғаны сайрап жатқандай екен» (<https://kazgazeta.kz>); «Ахмет Байтұрсыновтың жеке *папкісімен* бірге өз қолымен жазған дәйектер де бар. Әрбір *папкіге* Алаш арыстарының өмірбаяны жазылған қағазды қыстырып қойды. Басқа мәліметтердің бәрі – құпия. *Папкілерді* қолмен ұстауға рұқсат жоқ. Ішін ашып қарауға да болмайды» (<https://www.bugin.kz>) және т.б.

«Этикетка», «визитка» сөздеріне қатысты:

«Фирмалық стильге мыналар жатады: белгі, қаріп жасау мен түрлі буклеттер, бланкілер, *этикеткілер, визиткілер*, кәдесый өнімдерін дайындау, қаптама мен қандай болмасын фирманың қолданатын басқа да компоненттер дизайны» (Конференция материалдары, 2022); «Есімі көпшілікке мәлім, 80-ге жуық кітаптың авторы, британдық жазушы, прозаик Сомерсет Моэм оқитын ештеңе болмаса *этикеткіден* бастап, ұшақ кестесіне дейін оқы, бұл мүлде оқымағаннан әлдеқайда жақсы депті ғой» (<https://qazir.kz>) және т.б.

«Факт», «киоск» сөздеріне қатысты:

«Аталған *факті* бойынша Алматы қаласы бойынша Антикор департаменті «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің өтінішін тіркеді» (<https://newsroom.kz>); «Біріншіден, ғылыми-тарихи *факті* жай ғана фактіден өзгеше болады. Ол зерттеушінің белгілі бір ой елегінен өткізілген, тарихи санада бейнеленген нақты нысаны бар, субъективті және объективті таным ғылыми білім жүйесіне қосылған» (<https://e-history.kz>); «Неше жүздеген материалды бір қауызға сыйғызып, оның қыр-сырын бір нүктеге бағындырып қойған қызметтік техниканың бірі – ақпараттық *киоскі*. Музей әкімшілігінің осындай заманауи жетістіктерге мән беріп отыратындығының арқасында Бас мұражайға екі бірдей ақпараттық *киоскі* қойылды» (<https://www.abaialemi.kz>) және т.б.

Емле ережесі мен сөздігі жазуда дағдыға айналған орфограммаларды заңдастырып отыратыны белгілі. Осымен байланысты алдағы уақытта шығатын ортологиялық құралдарда кейбір кірме сөздердің соңындағы «а» дыбысын сөздің ауызша дыбысталуына қарай өзгертіп, «ы» әрпімен жазу нұсқасын (*колбы, пломбы, команды, фазенді, кассы, массы, папкі, маркі, визиткі, этикеткі* және т.б.), сондай-ақ қатарынан екі қатаң дауыссыз дыбысқа (*ск, пт, кт, фт*) аяқталған кірме сөздердің түбір қалпын «ы, і» әріптері негізінде беру нұсқасын (*диски, киоскі, концепті, реликті, факті, лифті, ландшафты* және т.б.) заңдастыруға болады деп ойлаймыз.

Бұған қоса: 1) орыс тілі арқылы басқа тілден енген кейбір сөздердегі «э» әрпін «е» әрпімен таңбалау (*кешбэк/кэшбэк* → *кешбек*; *хэштек/хэштэк* → *хештек*; *тэгтеу* → *тегтеу*; *хайтэк* → *хайтек*; *крэкер* → *крекер*; *каркадэ* → *каркаде* және т.б.); 2) кірме сөздердің сөз соңында кездесетін қайталама дауыссыздардың бірін түсіріп таңбалау (*процес, метал, кристал, конгрес, килограм* және т.б.) орфограммаларының заңдастырылуын қолдауға болады.

Сондай-ақ «ог» әріп тіркесімен аяқталған кірме сөздерге жалғанатын қосымша туралы ереженің де қайта қаралу қажеттілігі байқалады.

1988, 2007 және 2013 жылдары жарық көрген Орфографиялық сөздіктерде «ог» дыбыстарына аяқталған *агробиолог, аллерголог, анестезиолог, антрополог, каталог, педагог, психолог, уролог, фармаколог, эколог* сияқты сөздерге қосымша жіңішке жалғанған. Себебі қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі, жазба нормасына сәйкес «г» дыбысы тек жіңішке дауысты

дыбыстармен тіркеседі. Сондықтан да 2000 жылғы «Қазақ тілінің анықтағышында»: «ог, уг дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: *педагогке, педагогі, педагогтік, округке, округі, округтік*» (Сыздық, 2000: 32), – деп көрсетілген. Яғни, сөздің соңғы дыбысы «г» дауыссызына аяқталып, оған қосымша жалғау мәселесінде қазақ тілінің буын үндестігі заңы емес, дауыссыз-дауысты дыбыстардың тіркесе алу ерекшелігі негізге алынған.

Алайда соңғы жылдары тіркелген тілдік фактілер бұл ереженің көпшіліктің күнделікті жазу тәжірибесіне сіңісіп кете алмағанын көрсетіп отыр. Буын үндестігіне мән беріп үйреніп қалған жазарман жалғауды жуан жазып, сөздің жазба тұрқында ала-құлалық байқалды. Сондықтан да бұндай және тілдің қазіргі жай-күйінде анықталған басқа да жаңа тілдік құбылыстарды бірізді орфографиялау мақсатында қазақ тілінің қолданыстағы емле ережелеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, орфограммасы бар сөздердің емлелері тұрақтандырылып, қалыптандырылуы қажет.

Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалардың қазіргі жазарман тарапынан тиісті деңгейде ескерілмейтіні анықталды. Жазудағы сауаттылық адамның оқу орнынан алған білімі мен дағдысына негізделетіні белгілі. Сондықтан да жазарманның дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру ісі мектептен басталып, арнаулы, жоғары оқу орындарында жалғасын табуы керек. Оқушының, студенттің жазу сауаттылығы деңгейін арттыру үшін: 1) тұрақты түрде диктант алу (әрбір диктант мәтіні қазақ тілінің нақты бір емле ережесіне бағытталуы керек (мысалы, шылау ережесін пысықтауға арналған мәтін, дефиспен жазылатын сөздерге арналған мәтін т.б.); 2) бүкіл мектепке қысқа да нұсқа қарапайым тілмен жазылған орфографиялық және пунктуациялық ережелер жинағын (брошюрасын) тарату; 3) жоғары оқу орындарының филология мамандықтарына «Сауатты жазу» тәрізді арнайы курс енгізіп, төрт жыл бойы жүйелі түрде қазақ тілінің емле ережелерін оқыту қажет деп ойлаймыз.

Ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалардың қолданыс деңгейін арттырып, әртүрлі тұлғада жазылып жүрген орфограммаларды біріздендіру, жазарманның күнделікті жазу-сызудағы қажеттілігін өтеу үшін: 1) жазылуы босаң нормаға жатқызылып жүрген *қыркүйек ~ қыргүйек, көкөніс ~ көгөніс, шекара ~ шегара, шекарашы ~ шегарашы, рахмет ~ рақмет* т.б. сөздерінің нақты бір нұсқасы алынып, босаң нормаға жататын сөздер қатарын мейлінше азайту; 2) санамалы нөмірді белгілейтін цифрдан кейін қойылатын нүктеге қатысты ереже мен ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілеріне қатысты ережені нақтылау, толықтыру; 3) сан есімнен жасалған бастауыштың цифрмен берілген жағдайы мен белгілі бір өнім, тауар, өсімдік т.б. түрінің жазылуына қатысты ереже қосу; 4) біресе бас әріппен (*Отан, Елорда, Мәңгілік Ел, Ата Заң, Мемлекеттік Ту, Әл-Фараби* т.б.), біресе кіші әріппен (*отан, елорда, Мәңгілік ел, Ата заң, Мемлекеттік ту, әл-Фараби* т.б.) жазылып жүрген сөздерге қатысты ереже қосу; 5) түпнұсқа тілінде (*YouTube, Instagram, Facebook, TikTok* т.б.), латын графикасы (*Egemen Qazaqstan* т.б.) және кирил графикасы (*Егемен Қазақстан, ютуб, инстаграм, фейсбук, тик-ток* т.б.) негізінде жазылып жүрген жарыспа орфограммаларға қатысты ереже қосу; 6) қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің (*ӘКК, ҮЕҰ, БМСК, ХҚО* т.б.) тізімін жасау және сол сияқты басқа да шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейміз.

Алдағы уақытта шығатын ортологиялық құралдарды толықтырып, жетілдіру барысында көпшілік санасында дұрыс деп табылған қолданыстарды (*қыркүйек, көкөніс, шекара, дастархан, педагогтар* т.б.) ескеріп, тіл динамикасындағы өзгерістерді (*команды, маркі, визиткі, дискі, киоскі, факті* т.б.) де тіркеп отыру маңызды болмақ. Өйткені академик Р.Сыздық көрсеткендей, «тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажеттігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді» (Сыздықова Р., 2014; 26).

Әдебиеттер

Abai.kz [Электронды ресурс]. – <https://www.abai.kz/> (Пайдаланылған күні: 15.03.2024).

Aiqyn [Электронды ресурс]. – <https://aiqyn.kz/> (Пайдаланылған күні: 10.02.2024).

Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

- [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/> (Пайдаланылған күні: 20.03.2024).
- Білім айнасы [Электронды ресурс]. – <https://bilimainasy.kz/> (Пайдаланылған күні: 17.04.2024).
- Дәулетбекова Ж., Рай К., Юсуп П., Сарыбаева А. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 116 б.
- Didar [Электронды ресурс]. – <https://didar-gazeti.kz/> (Пайдаланылған күні: 18.04.2024).
- Егемен Қазақстан [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/> (Пайдаланылған күні: 25.02.2024).
- Inbusiness.kz [Электронды ресурс]. – <https://inbusiness.kz/kz/> (Пайдаланылған күні: 24.02.2024).
- Конференция материалдары: «Ғылым және білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар: тарих, қазіргі жағдай, перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал, 2022.
- Qazaq gazetteri [Электронды ресурс]. – <https://kazgazeta.kz/> (Пайдаланылған күні: 17.03.2024).
- Newsroom [Электронды ресурс]. – <https://newsroom.kz/> (Пайдаланылған күні: 20.03.2024).
- Ortalyq Qazaqstan [Электронды ресурс]. – <https://ortalyq.kz/> (Пайдаланылған күні: 15.02.2024).
- Орфографиялық сөздік / құраст.: Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова, Ғ.Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.
- Орфографиялық сөздік / құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.
- Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
- Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Т. 8. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.
- Türkistan [Электронды ресурс]. – <https://turkistan.kz/> (Пайдаланылған күні: 25.02.2024).
- Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018. – 250 б.

References

- Abai.kz [Elektronny resurs]. <https://www.abai.kz> (Paidalanylgan kuni: 15.03.2024). [Abai.kz [Electronic resource]. <https://www.abai.kz> (date of Use: 15.03.2024).] (in Kazakh)
- Aiqyn [Elektronny resurs]. <https://aikyn.kz> (Paidalanylgan kuni: 10.02.2024). [Aikyn [Electronic resource]. <https://aikyn.kz> (date of Use: 10.02.2024).] (in Kazakh)
- Adilet. Qazaqstan Respublikasy normativtik quyqytyq akti lerining aqparattyq-quyqytyq juiesi [Elektronny resurs]. <https://adilet.zan.kz/kaz> (Paidalanylgan kuni: 20.03.2024). [Justice. Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. <https://adilet.zan.kz/kaz> (date of Use: 20.03.2024).] (in Kazakh)
- Bilim ainasy [Elektronny resurs]. <https://bilimainasy.kz> (Paidalanylgan kuni: 17.04.2024). [Knowledge mirror [Electronic resource]. <https://bilimainasy.kz> (date of Use: 17.04.2024).] (in Kazakh)
- Dauletbekova, Zh., Rai, K., Iusup, P., Sarybaeva, A. (2020) Qazaq tili: Zhalpy bilim беретin mektepting zharatylystanu-matematika bagytyndagy 11-synybyna arналган оқулық. Almaty: Atamura, 116 b. [Dauletbekova, Zh., Rai, K., Yusup, P., Sarybayeva, A. (2020) Kazakh language: a textbook for the 11th grade of a comprehensive school in the natural and mathematical direction. Almaty: Atamura, 116 p.] (in Kazakh)
- Didar [Elektronny resurs]. <https://didar-gazeti.kz> (Paidalanylgan kuni: 18.04.2024). [Didar [Electronic resource]. <https://didar-gazeti.kz> (date of Use: 18.04.2024).] (in Kazakh)
- Egemen Qazaqstan [Elektronny resurs]. <https://egemen.kz> (Paidalanylgan kuni: 25.02.2024). [Sovereign Kazakhstan [Electronic resource]. <https://egemen.kz> (date of Use: 25.02.2024).] (in Kazakh)
- Inbusiness.kz [Elektronny resurs]. <https://inbusiness.kz/kz> (Paidalanylgan kuni: 24.02.2024). [Inbusiness.kz [Electronic resource]. <https://inbusiness.kz/kz> (date of Use: 24.02.2024).] (in Kazakh)
- Konferencija materialdary (2022): «Gylym zhane bilim berudegi dasturler men innovacijalar: tarih, qazirgi zhag dai, perspektivalar» atty halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferencijanyng materialdary. Oral. [Materials of the conference (2022): materials of the international scientific and practical conference "Traditions and innovations in Science and education: history, current situation, prospects". Oral.] (in Kazakh)
- Qazaq gazetteri [Elektronny resurs]. <https://kazgazeta.kz> (Paidalanylgan kuni: 17.03.2024). [Kazakh newspapers [Electronic resource]. <https://kazgazeta.kz> (date of Use: 17.03.2024).] (in Kazakh)
- Newsroom [Elektronny resurs]. <https://newsroom.kz> (Paidalanylgan kuni: 20.03.2024). [Newsroom [Electronic resource]. <https://newsroom.kz> (date of Use: 20.03.2024).] (in Kazakh)
- Ortalyq Qazaqstan [Elektronny resurs]. <https://ortalyq.kz> (Paidalanylgan kuni: 15.02.2024). [Central Kazakhstan [Electronic resource]. <https://ortalyq.kz> (date of Use: 15.02.2024).] (in Kazakh)
- Orfografiyalıq sozdik (2007). Qurast.: N. Ualiuly, A. Fazylzhanova, K. Kuderinova, G. Anes. Almaty: Til bilimi instituty, 480 b. [Spelling dictionary (2007). Compiled by: N. Ualiuly, A. Fazylzhanova, K. Kuderinova, G. Anes. Almaty: Institute of Linguistics, 480 p.] (in Kazakh)
- Orfografiyalıq sozdik (2013). Qurast.: N. Uali, K. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isaeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova. Almaty: Dauir, 720 b. [Spelling dictionary (2013). Compiled by: N. Uali, K. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isaeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova. Almaty: Era, 720 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Astana: Elorda, 532 b. [Syzydyk R. (2000) Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music). Astana: The Capital, 532 p.] (in Kazakh)
- Syzdyqova R. (2014) Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikacijasy). Koptomdyq shygarmalar zhinagy. T. 8. Almaty: El-shezhire, 292 b. [Syzydykova R. (2014) The language norm and its formation (codification). Collection of multi-

volume works. Vol. 8. Almaty: El-shezhire, 292 p.] (in Kazakh)

Turkistan [Elektronnyy resurs]. <https://turkystan.kz> (Paidalanylğan kuni: 25.02.2024). [Turkestan [Electronic resource]. <https://turkystan.kz> (date of Use: 25.02.2024).] (in Kazakh)

Uali N. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfoepiya. Almaty, 250 b. [Uali N. (2018) Graphics. Spelling. Orthoepy. Almaty, 250 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.06.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 03.09.2024.

© Хабиева А.А., Мамырбек Г.М., Қасымова Ә.А., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024